

ОӘЖ 336.647

КӘСПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Ерген Темірхан Талғатұлы

Timoha5444@mail.ru ,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Керімбек Ғ.Е.

Қазіргі кезде бірқатар ірі компаниялар вексельдік бағдарламаны ағымдық (шұғыл) қаржыландыру, кассалық есеп алшақтығын жабу және материалдық қамтушылармен есеп айрысу мәселелерін шешуге табысты түрде пайдалануда. Компания вексельдері, сондай-ақ, кредиторлар мен контрагенттермен есеп айрысуға да пайдаланады. Қатаң реттеу болмағандықтан, шұғыл қаржыландыруды іске асыруға мүмкіндік береді және қор нарығына қатысушылардың көбірек қатарына жол ашады. Сонымен қатар, вексельдерді пайдалана отырып кәсіпорын өзіне қолайлы имидж бен несиелік тарихын қалыптастырады, мұның өзі өзге қаржыландыру көздерін тартуға септігін тигізеді. Осы қаржыландыру түрінің негізгі әлеуетті тұтынушылары іс-әрекеті циклды түрде жүретін ірі өндірушілер мен экспорттаушылар болып табылады.

Өзін-өзі қаржыландыру. Меншікті қаржыландыру көздері ішінде бөлінбеген табыс пен амортизация маңызды орынға ие. Олар бірлесіп өзін-өзі қаржыландыру іргетасын құрайды. Әдетте кәсіпорын бүкіл тыбысын тұтынуға бөле бермейді. Инвестициялау қажеттіліктеріне сақталатын бөлінбеген табыс меншікті капиталдың басты өсу түрі болып табылады. Қаржыландырудың бұл көзі ең алдымен құрал-жабдық пен тауарлық материалдық қорлар сатып алуға жұмсалады және түскен табыстың белгілі бір бөлігін кәсіпорын инвестиция түрінде пайдаланғанын көрсетеді. Акционерлерге төленетін табыстың белгілі бір пайызы қайта қаржыландырылатын табыс мөлшерін кеміте түсетіндіктен, дивидендтер төлеу жөніндегі шешім қаржыландыру туралы шешімге байланысты болатыны сөзсіз.

Жаңадан шығарылған акциялар көмегімен капитал тарту бөлінбеген меншікті табысты пайдаланған жағдайдан трансакциялық шығындар мөлшеріне сәйкес қымбатқа түседі. Өзін-өзі қаржыландырудың тағы бір ірі көзі– амортизациялық төлемдер. Қазіргі таңда негізгі капиталға салынған жалпы инвестициядағы амортизациялық төлемдер үлесі

Жапонияда - 50%, Германияда - 64%, АҚШ-та - 70%. Бұл елдерде амортизация әдістері мен нормативтері салықтық қаржы аударымдары мен компания табысымен, инвестициялық несиелік жеңілдіктерімен, инновациялық жұмыс шығындарымен бірыңғай жүйеге ұштастырылған.

Амортизациялық қордың барлығы бірдей инвестициялық мақсатқа жұмсала бермейді. Мысалы, бірқатар сарапшылардың бағалауынша, қайта жаңғыртуға амортизациялық төлемдердің бір бөлігі ғана пайдаланылады: 35-40% (жекелеген салаларда - 10% аспайды), ал көптеген (табыстылығы төмен, тиімсіз) кәсіпорындарда іс жүзінде олар өз мақсатында жұмсалмайды. Айналым капиталдың орта есеппен 51,2% инфляцияға ұшырап құнсыздануына байланысты, амортизациялық төлемдерді кәсіпорындар ағымдық міндеттемелерді орындауға арналған айналым құралдар орнын толтыруға пайдаланады.

Қазіргі уақытта өзін-өзі қаржыландырудың маңызды көзі – тұрақты пассивтер жиынтығы. Тұрақты пассивтер - кәсіпорынның салық органдары алдындағы, қызметкерлердің еңбекақысы бойынша қарызы. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін қаржыландыр түрлері мен көздерінің келтірілген түрлері оларды тек сапалық жағынан ғана сипаттайды, бірақ тартылған қаржы ресурстарының сандық көрсеткіштерінің де маңызы кем емес.

Қаржы ресурстары қажеттілігін есептеу. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі. Кәсіпорынға қажетті қаржы ресурстар шамасын есептеу үшін, ең алдымен қандай мұқтаждықтарды қаржыландыру керек екендігі анықтау қажет.

Басқаша айтқанда, қаржыландыру қажеттілігі инвестиция жасау қажеттілігінен туындайды.

Инвестиция көлеміне әдетте мынадай шығындар кіреді:

- 1) жер сатып алу және оны байланыс жүйесіне қосу үшін шығындар;
- 2) машиналар мен құрал-жабдықтар, аспап пен саймандар алу үшін шығындар;
- 3) материалдық емес активтер (патент және т.б.) алу үшін шығындар;
- 4) айналым капиталдың өсіміне қажетті шығындар;
- 5) жарнама үшін шығындар;
- 6) резервтер құру үшін қажетті шығындар.

Қаржы ресурсы қажеттілігін бағалау логикасын белгілейтін маңызды фактор – бұл меншікті капиталдың қажеттілігі.

Меншікті капиталдың қажеттілігін бағалауға келесі формула қолданылады:

$$K_c = [P - (r - i) \times D] / r \quad (1)$$

мұндағы:

K_c - меншікті капиталының қажеттілігі;

P - таза табыс;

D - несиелік капитал;

i - капитал нарығындағы орташа пайыздық мөлшерлеме (салыстырмалы бірлікте);

r - таза табыс бойынша есептелген активтер табыстылығы (салыстырмалы бірлікте).

Қазақстанда бүкіл нарықтық кезең ішінде байқап отырғанымыздай, несиенің пайыздық мөлшерлемесінен актив табыстылығы кем болса, онда кәсіпорынның меншікті капиталының қажеттілігі күрт артады, себебі формула алымындағы айырма орнына қосынды шығады. $(r - i) \times D / r$ - сомасы кәсіпорынды әртүрлі қаржылық қиыншылықтардан сақтандыруға қажетті мөлшер. Әдетте қаржылық жағдайы тұрақты болған жағдайда кәсіпорындар көбінесе бұл соманы коммерциялық банктерден несиелік түрінде алады.

Қарыз алушының қаржылық мүмкіндігін бағалау үшін қолданылатын формула:

$$CF = P + A + \Delta K_3 - \Delta D_3 - \Delta P_3 \quad (2)$$

мұнда: CF(cash flow)- несиені өтеуге жұмсалуды мүмкін ақша ағыны;
П- таза табыс;
А- амортизациялық төлемдер;
ΔКЗ- несиелік қарыздың артуы;
ΔДЗ- дебиторлық қарыздың артуы;
ΔПЗ- өндірістік қорлардың артуы.

Қазір Қазақстанда дебиторлық қарыздың теңдестік (бухгалтерлік) және нарықтық құны бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Елімізде қалыптасқан жағдайда бұл формуланың дәлдігі сөзсіз және ол барлық қаржылық мүмкіншіліктерінің бөліктері толық дисконтталған соң ғана кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктері жайлы нақты түсінік алуға болады.

Қаржы пайдалану қажеттілігі. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі – теориялық жағынан ғана емес, шын іс жүзінде де проблема туғызады. Іс-тәжірибе жүзінде капитал қажеттілігі көбінесе «кәсіпорындардың қаржы-пайдалану қажеттілігі» және «инвестициялық қажеттілік» деген терминдерімен анықталады.

Инвестициялық қажеттіліктер - кәсіпорынды құру және кеңейтуге қажетті шығындардан тұратын кәсіпорынның қаржы ресурстарына деген ұзақмерзімді қажеттілігін көрсетеді. Қысқа мерзімді қажеттілік ағымдық өндіріс шығындарымен байланысты. Капиталдық салымды қаржыландыруға қаржы ресурстарының қажеттілігін есептеу арнайы оқу пәндерінде қаралады. Бірақ кәсіпорынның ұзақмерзімді шығындарын анықтау керек болғанымен, осы шығындарды қаржыландыру мүмкіндігін бағалау – өз алдына бөлек мәселе. Қосымша қаржыландыру мүмкіндігін анықтау әрқашан да несиелік көздерді анықтаудан басталады.

Бұл жоғарыда қарастырылған меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалау формуласынан келіп шығады. Іс жүзінде кәсіпорынның ұзақмерзімді несие тарту мүмкіндігін бағалау үшін арнайы көрсеткіш – несиені ақша ағынымен орнын толтыру коэффициенті ($K_{\text{нот}}$) есептеледі.

Қазіргі әдебиеттерде бұл коэффициенттің әртүрлі үлгілік жинақтығы келтірілген, бірақ оның барлығы да келесі болжамға сүйенеді:

$$\text{Ақша ағыны/ Несие сомасы} = (\text{Таза табыс} + \text{Амортизация}) / \text{Несие сомасы} \quad (3).$$

Кейбір қаржыгерлер бұл қатынасты кәсіпорынның өз қарыздарына қызмет көрсету мөлшері деп те атайды. Іс-тәжірибеде осы болжамға негізделген әртүрлі үлгілер пайдаланылады, дегенмен ең кеңінен тарағаны келесісі:

$$K_{\text{нот}} = (\text{П} + \text{А} - \text{Дв}) / (\text{Д} + \text{З}) \quad (4)$$

мұндағы:

П- бір жыл ішіндегі таза табыс;

А- сол кезеңде жинақталған амортизация;

Д-банктік несие;

Дв- есептелген дивидендтер;

З - банктік емес мекемелерден алынған ұзақ- және қысқа мерзімді қарыз сомасы.

Бұл коэффициент несие алушы-кәсіпорында негізгі қарыз сомасын өтеуге қажетті бос ақша қаражаттың болуын сипаттайды. Банкирлердің есептеуінше, егер осы коэффициент бірге тең немесе артық болса, онда кәсіпорын несиені өз мерзімінде қайтаруға қабілетті болып саналады.

Шаруашылық қызмет және онда өтіп жатқан үдерістер көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады: экономикалық теорияның, макро- және

микроэкономиканың, басқарудың, өндірістік-қаржылық қызметті ұйымдастыру мен жоспарлаудың, статистиканың, бухгалтерлік есептің, экономикалық талдаудың және т.б. Экономика саласының немесе жеке бір кәсіпорынның нақты жағдайындағы экономикалық үдерістердің дамуына жалпы, жеке және арнайы заңдардың тигізетін әсерін зерттейді. Статистика шаруашылық қызметте жүріп жататын жалпы экономикалық құбылыстар мен үдерістердің сандық жағын зерттейді. Бухгалтерлік есептің пәні шаруашылық қызмет үдерісіндегі капиталдың айналуы болып табылады. Ол барлық шаруашылық операцияларды, үдерістерді және сонымен байланысты кәсіпорын қаражатының қозғалысын және оның жұмыс нәтижесін құжат жүзінде көрсетіп отырады.

Шаруашылық қызметін талдау пәні экономикалық құбылыстар мен үдерістердің себеп-салдар байланыстары болып табылады. Кәсіпорынның шаруашылық қызметіндегі себеп-салдар байланыстарын біліп отыру экономикалық құбылыстар мен үдерістердің мәнін ашуға және соның негізінде жеткен нәтижелерге дұрыс баға беруге, жоспарлар мен басқару шешімдерін негіздеуге мүмкіндік береді. Себеп-салдар байланыстарды топтастыру, жүйелендіру, моделдеу, шамалау ШҚТ басты әдістемелік мәселесі болып табылады.

Шаруашылық қызметін талдау объектісі шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелері болып табылады. Мысалы, өнеркәсіптік кәсіпорында талдау объектісіне өнімді өндіру және сату, оның өзіндік құны, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдалану, өндірістің қаржылық нәтижелері, кәсіпорынның қаржылық жағдайы және т.б. жатады.

Шаруашылық қызметін талдау принциптері. Шаруашылық қызметіне талдау жүргізген кезде ғылым мен практикадан алынған белгілі бір принциптер мен ережелерді басшылыққа алу керек. Талдау ғылыми сипатта болуы, танымның дидактикалық теориясының ережелеріне негізделуі, өндіріс дамуының экономикалық заңдарының талаптарын ескеруі керек, ғылыми-техникалық үдерістің алдыңғы қатарлы тәжірибенің жетістіктерін, экономикалық зерттеулердің ең жаңа әдістерін пайдалануы тиіс. Талдау кешенді болуы керек. Зерттеудің кешенділігі қызметтің барлық тізбегі мен бүкіл тараптарының қамтылуын және кәсіпорын экономикасындағы себепті байланыстарды жан-жақты зерттеуді талап етеді;

Талдау объективті, нақты, дәл болуы тиіс, нақты шындықты көрсететін дұрыс, тексерілген ақпаратқа негізделуі керек, ал оның тұжырымдары нақты талданған есептеулерге негізделуі тиіс. Осы талаптардан есептеулерді ұйымдастыруды, ішкі және сыртқы аудитті, сондай-ақ талдау әдістемесін оның есептеулерінің дәлдігі мен дұрыстығын арттыру мақсатында үнемі жетілдіріп отыру қажеттігі туындайды. Талдау жарамды болуы керек, кемшіліктерді, қателіктерді, жұмыстағы жіберіп алған мүмкіндіктерді уақтылы анықтай отырып, олар туралы кәсіпорын басшыларына хабарлау керек, өндіріс барысы мен оның нәтижесіне белсенді түрде әсер етуі тиіс. Осы принциптен талдау материалдарын кәсіпорынды басқару үшін, нақты шараларды әзірлеу үшін, жоспардың деректерін негіздеу, түзету және анықтау үшін нақты түрде пайдалану қажеттігі туындайды. Басқаша жағдайда талдаудың мақсатына жетуі екіталай;

Талдауды анда-санда емес, жоспар бойынша, жүйелі түрде жүргізіп отыру керек. Бұл талаптан кәсіпорындағы талдау жұмысын жоспарлау, оны орындау бойынша міндеттерді орындаушылар арасында бөлу және оны жүргізуді бақылау қажеттігі туындайды. Талдау оперативті болуы тиіс. Оперативтілік дегеніміз талдауды жылдам және нақты жүргізе білуді, басқару шешімдерін қабылдауды және оны жүзеге асыруды білдіреді. Талдау принциптерінің бірі - бұл талдау жүргізуге кәсіпорын қызметкерлерінің көпшілігі қатыса алатындығын пайымдайтын оның демократиялығы, бұл алдыңғы қатарлы тәжірибені толығырақ анықтауға және барлық ішкі шаруашылық резервтерді пайдалануды қамтамасыз етеді;

Талдау экономикалық құбылыстарды, үдерістерді, шаруашылық ету нәтижелерін бағалаған кезде мемлекеттік ыңғайға негізделуі тиіс. Басқаша айтқанда, шаруашылық

қызметтің нәтижесін бағалай отырып олардың мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, халықаралық саясат пен заңдарға сәйкестігін ескеру керек. Талдау тиімді болу керек, яғни оны жүргізгендегі кеткен шығындар көп есе әсерін тигізуі керек. Сонымен, талдаудың негізгі принциптері ғылымилық, кешенділік, жүйелілік, объективтілік, дәлдік, шындық, әрекеттілік, оперативтілік, демократизм, тиімділік және т.б. болып табылады.

Шығындар көлемі өндіріс үдерісінің тиімділік деңгейімен анықталады. Олардың тиімділігі қаншалықты көп болса, кәсіпорын өнімді өткізу көлемін сақтай отырып ресурстарды, соның ішінде қаржылық ресурстарды соншалықты аз жұмсайды. Және керісінше, шикізат пен материалдар шығындарының нормасының өсуі, еңбек өнімділігі деңгейінің төмендеуі, басқа да ресурстардың мөлшерден тыс жұмсалуды және өндірістік емес шығындар қосымша қаржы қаражаттарының қажеттілігіне себепші болады. Еңбек және материалдық ресурстар шығыны ең алдымен өнімнің өзіндік құнында, содан соң табыста талдап қорытылады. Соңғы айтылған көрсеткіштің көлемі кәсіпорынның өзіндік қаражаттарының көлемін өзгерте отырып, оның жалпы қаржылық жағдайында елеулі көрініс табады.

Кәсіпорынның қаржылық қызметінің қалыпты болуы әсіресе өз кезегінде қойылған мақсаттарға қол жеткізуі үшін қажетті жағдайларды туғызады, оның төлеу қабілеттілігінің кепілі болып табылатын өнім өндірудің үздіксіздігін және кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Шаруашылық қызметін талдау мазмұны кәсіпорынды басқару жүйесіндегі ортаңғы орындардың бірінде тұрған оның атқаратын рөлі мен қызметінен туындайды. Басқару жүйесі мынандай өзара байланысты қызметтерден тұрады: шаруашылық қызметті жоспарлау, есеп және бақылау, талдау және басқару шешімдерін қабылдау.

Қаржылық жағдайды талдау барысында тек бухгалтерлік баланс мәліметтеріне ғана сүйенуге болмайды. Бұндай тәсіл біршама қарапайымдау, себебі бух-галтерлік баланс кемшілік пен шек қоюшылықтан ада емес, олардың ең маңыздылары келесілер болып табылады:

1. Баланс табиғаты жағынан тарихи сипатта болады. Баланста келтірілген мәліметтер оны құрған кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесін көрсетеді. Бұл жағдайда баланс ақпараттары ретроспективалық және перспективалық талдау мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін.

2. Баланс кәсіпорын қаржысында және міндеттемелерінде статус-квоны сипаттайды, яғни пайдаланылып жүрген есеп саясатына сай осы кезеңде кәсіпорын жалпы қандай жағдайда тұр деген сұраққа жауап береді, бірақ бұл жағдайға ненің нәтижесінде жеткеніне жауап бермейді. Бұл сұраққа жауап беру үшін, тек қосымша мәліметтер ғана емес, сонымен қатар есеп және есеп беруде көрсетілмейтін көптеген факторлардың талдануы қажет (мысалы, ғылыми-техникалық прогресс, контрагенттегі қаржылық қиындықтар және басқалар).

3. Баланста салыстырмалы шаруашылық аралық талдау жүргізу үшін қажетті база жоқ. Ол кеңістіктік және уақыттық салыстырулармен қамтамасыз етпейді. Сондықтан оның талдауы динамикада жүргізілуі тиіс және мүмкіндігінше көрсеткіштерге, олардың орташа салық және орташа прогрессивтік маңыздылығына шолу жасаумен толықтырылуы тиіс. Осындай мақсатпен ұқсас кәсіпорындар тобы бойынша негізгі есептік көрсеткіштерді ашық жариялау қажет. Бұл қажетті орташа көрсеткіштерді есептеп шығаруға мүмкіндік береді.

4. Баланста кәсіпорынның қаражаттарының айналымы туралы мәлімет жоқ. Баланстың сол немесе басқа бабы бойынша соманың аз немесе көптігі туралы қорытындыны баланстың көрсеткіштерін айналымының сәйкес сомаларымен салыстырғаннан кейін ғана жасауға болады. Мысалы, екі кәсіпорынның баланстарындағы "материалдар" бабы бойынша сомасы бірдей, яғни 5 млн. теңге. Бір жылдағы материалдар айналымы, бірінші кәсіпорында 60 млн. теңге, ал екіншеде 10 млн. теңгені құрады. Осыған сәйкес бірінші жағдайда материалдардың қоры жылдық тұтынушылардың 1/12 (5/60)-ін

(айлық қор), ал екінші жағдайда 1/2 (5/10), яғни жылдық тұтынудың жартысын (жарты жылдық қор) қамтамасыз етеді.

5. Баланс есепті кезеңнің басы мен соңындағы мезгілдік мәліметтердің жиынтығы болып табылады, яғни онда осы балансты толтыру кезіндегі шаруашылық операцияларының жиынтығы жазылып отырады. Ол кәсіпорынның есепті кезең ішіндегі мүмкіндік жағдайын көрсетпейді. Бұл ең алдымен баланстың динамикалық баптарына қатысты, олар "материалдар", "дайын өнім", "тауарлар", "дебиторлық борыш" және басқалар.

Соныменен, шаруашылық қызметті талдау өндірісті басқару жүйесіндегі маңызды элемент, ішкі шаруашылық резервтерді анықтаудың құралы, ғылыми негізделген жоспарлар мен басқару шешімдерін әзірлеу негізі болып табылады.

Талдаудың кәсіпорынды басқару құралы ретіндегі рөлі қазіргі кезде артып келеді. Бұл әртүрлі мән-жайлардан туындап отыр:

- шикізаттың жетіспеушілігі мен құнының артуына, өндірістің ғылымды және капиталды көп қажет етуіне байланысты өндіріс тиімділігін толассыз арттыру қажеттігінен;
- басқарудың әкімшілік жүйесінен кету және нарықтық қатынастарға біртіндеп көшуден;
- меншікті мемлекет иелігінен алу, кәсіпорындарды жекешелендіру мен экономикалық реформаның басқа да шараларына байланысты шаруашылық жүргізудің жаңа формаларын құрудан.

Осындай жағдайларда кәсіпорын басшысы тек өзінің түйсігіне және ойындағы пайымдауларына ғана арқа сүйей алмайды. Басқару шешімдері мен іс-әрекет дәл есептеулерге, терең және жан-жақты экономикалық талдауларға негізделуі тиіс. Бірде-бір ұйымдастыру, техникалық және технологиялық шаралар соның экономикалық дұрыстығы негізделмейінше жүзеге асырылмауы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кошкарбаев К.У. «Основные направления повышения эффективности управления финансовыми ресурсами путем совершенствования организации расчетов на предприятиях», Қаржы-Қаражат, №11, 67 бет.

2. Янковский К., Мухарь И. «Способы и методы оценки бизнеса», Мир финансов, 2008, №6, 34-41 бет

3. Кошкарбаев К.У., Тургулова А.К. Определение политики управления структурой капитала предприятия. Вестник КазГАУ. «Казахстан в XXI веке», 2002 г, №1

4. Әмірханов Р.Ә. Тұрғұлова А.К. Қаржы менеджменті, Алматы 2000 ж.